

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған кіші топтың
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Қыркүйек айы 2025жыл**

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару; Спорттық ойын элементтері: кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру;

		Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру. Мәдени- гигиеналық дағдылар: ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдануын пысықтау
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді; Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Сөздік қор. тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.

		-Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; -қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; -түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	-Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. -Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. - Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. -Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. -Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; -ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау.
		-Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; -сурет салу техникасын жетілдіру; -түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру; -балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.
	Мүсіндеу	-
	Музыка	-Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; -әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; -жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау. Ән айту:

		-ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; -әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. -музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; -пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу); -музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; -қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу; -әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау; -бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; - жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама- қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу – жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауысу; -мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту.
--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; жан-жағына қарай еңкею. Негізгі қимылдар: жүгіру, шашырап, шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтауды үйрету Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: Машинаны ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару; Спорттық ойын элементтері: .Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. Дербес қимыл белсенділігі: Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Мәдени- гигиеналық дағдылар:

		Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді үйрету.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды; Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Сөздік қор. қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Тіл дамыту	Ертегілердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға; -таныс тақпақтарды қайталауды; -ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.
	Сенсорика	-көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; -түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.

	Қоршаған ортамен таныстыру	-Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту және үйрету -Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; -ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.
		-түзу, тік сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, жол), парак бетінде бейнені орналастыру;
	Мүсіндеу	- ермексаз және оның қасиеттері туралы үйрету; - сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; - техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым пішіндерін мүсіндеді үйрету
	Музыка	-Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды үйрету -әннің мағынасын түсінуге үйрету Ән айту: -ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, ересекпен қосылып ән айтуға үйрету -әнді топпен айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. -музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; -қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүруді, белгі бойынша тоқтап жүруді; жүруде тепе-теңдікті сақтайуды үйрету.
	Тіл дамыту	көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен көбейту
	Сенсорика	қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды үйрет

	Қоршаған ортамен таныстыру	қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Музыка	музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: өрмелеу, лақтыру допты нысанаға лақтыруды;

		доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатуды үйрету.
	Тіл дамыту	дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашужабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (куану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту.
	Көркем әдебие	көркем әдебиет шығармаларына байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Музыка	балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; музыка тыңдау.

		педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
Қантар	Дене шынықтыру	негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: секіру, тепе-теңдік сақтау; Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.
	Тіл дамыту	пассивті және белсенді сөздік қорды байыту Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.
	Көркем әдебиет	театр әлеміне баулу; Суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту

		өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;
	Мүсіндеу	Қарапайым пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын үйрету
	Музыка	музыка мен әнді қабылдауға баулу музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.

Айы	Ұйымдастырылған	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
------------	------------------------	---

	іс-әрекет	
Ақпан	Дене шынықтыру	жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды ойындар қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалатуды үйрету
	Тіл дамыту	түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен таныстыру арқылы балалардың сөздік қорын молайту Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету
	Көркем әдебиет	кітаптарға қызығушылықты арттыру арқылы сөлеуді дамыту Оқып беруді ойыншықтарды және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін дамыту түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу

	Мүсіндеу	күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру
	Музыка	Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	жалпы дамытушы жаттығуларды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; . Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу.

	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
	Сенсорика	қолдардың ұсақ моторикасын дамыту Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру
		табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру
	Қоршаған ортамен таныстыру	әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.
	Мүсіндеу	кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу,
	Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге үйрету. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.
	Тіл дамыту	салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру
	Сенсорика	заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу

		заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау;
	Мүсіндеу	мүсіндеуде заттардың ұқсастықтарын табу
	Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекетің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).
	Тіл дамыту	түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салтдәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
	Көркем әдебиет	Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау. құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу

	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету
	Музыка	Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту